

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «8D04114 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Кулбаева Айгерім Амангелдіқызының «Тұрақты даму мақсаттары негізінде ақылды қаланы мемлекеттік реттеу жолдары (Түркістан қаласы мысалында)» атты диссертациялық жұмысына шетелдік кеңесші, доктор (PhD), профессор Мұстафа Нұрсойдың

ПІКІРІ

Әлем халқының урбанизациясы және қалаларда тұрғындардың көбеюі қазіргі уақытта ерекше маңызға ие болып отыр. 2050 жылға қарай қалалардағы халық санының 66 пайызға жетуі және бұл көрсеткіштің 2,5 миллиардтан астам жаңа қала тұрғындарына тең болуы күтілуде. Осы демографиялық өзгерістерді ескере отырып, қалалардың өмір сүру сапасын арттыру, экономикалық тартымдылықты және тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін «ақылды қала» тұжырымдамасын енгізу қажеттілігі туындайды.

Қазақстанда ақылды қалалардың дамуына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, бірқатар стратегиялық құжаттар қабылданды. Атап айтқанда, «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Ақпараттық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауы. Бұл құжаттар Қазақстанның жаһандық бәсекелестікке қабілетін арттыруға, ақпараттық кеңістікке шығуға және цифрлық экономиканы дамытуға бағытталған.

Зерттеу жұмысы осы стратегиялық бағыттарды іске асырудағы «ақылды қала» тұжырымдамасының маңыздылығын зерттейді. Түркістан қаласының мысалында ақылды қаланы мемлекеттік реттеудің құқықтық инфрақұрылымын, шетелдік тәжірибелерді және цифрлық технологияларды қолдану әдістемесін талдау арқылы жұмыс қалалық басқару саласында ғылыми және практикалық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Зерттеудің қажеттілігі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, экономикалық тартымдылығын және әлеуметтік өмірдің сапасын арттыру мақсаттарын анықтаудың маңызды негізі ретінде мемлекеттік реттеу жолдары мен оны жүзеге асырудың әдістерін ғылыми негіздеу үшін мүмкіндіктерді талдауды талап ететіндігімен байланысты болды.

Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылыми және тәжірибелік сипаттағы өзекті мәселеге арналған.

Диссертациялық жұмыста ақылды қала аспектілері (ақылды адамдар, ақылды экономика, ақылды ұтқырлық, ақылды басқару, ақылды орта және ақылды өмір) анықтады, сондай-ақ ақылды қала бастамаларын бағалау үшін ақылды қала моделін құруды және ақылды қаланы іске асыру моделі енгізілді. Ақылды қаланы қабылдау моделін эмпирикалық тексеру үшін статистикалық және сауалнама әдістері қолданылды.

Диссертациялық жұмыста автор ақылды қала концепциясын мемлекеттік реттеу жолдарын зерттейді. Бұл концепция қалалардың тұрақты дамуына жақсы көмек көрсететін факторларды, оның мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалармен қатарлығын зерттеуге бағытталған. Автор осы мақсаттарды анықтауға әрекет етіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану,

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРА
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРА
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ